

ПЕДАГОГИКА. ФИЛОЛОГИЯ

Абенбаев С.Ш.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ МӘНІ

Абенбаев С.Ш.

ЗНАЧЕНИЕ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЭСТЕТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ

S.Sh. Abenbaev

THE IMPORTANCE OF CULTURAL HERITAGE IN THE FORMATION OF AESTHETIC CULTURE OF STUDENTS

Қазіргі мәдениет теориясында мәдени мұраға қатысты мәселенің маңыздылығы және бүгінде оны тиімді пайдалану өзектілігі айқын мәселе.

Бізге мәлім, мәдениеттің дамуы өткен дәуірдің нәтижесі және ол өміршең процесс, қазіргі мәдениеттің функционалдық элементі ретінде қоғамның дамуымен органикалық байланыста болады. Оны қоғамның мәдени мұраға қызығушылығымен, мирасқорлық процесті теориялық ұғынуға талпынысымен түсіндіруге болады.

Марксизмнің негізін қалаушылардың қоғамның дамуы туралы заңдарды ашқанға дейін қоғамдық құбылыстың төменнен жоғарыға өзгеруін тарихи мирасқорлықтың, ескінің пайда болған жаңамен байланысының көрінісі ретінде қарастырды.

Аристотельдің «Метофизикасы» белгілі бір жағдайда тек философияға ғана қатысты емес, сонымен бірге оның тарихына, өткен ойшылдардың сындарына, философиялық жүйенің саналы талдауына, мирасқорлықтың қоғамдағы рөліне. Дегенменде, сол кездегі дәуір Аристотельдің мирасқорлық жайындағы пайымдауын түсінбеді.

Адамзат дамуының келесі кезеңі феодалдық қарым-қатынасқа өтумен сипатталады. Ол рухани саланың өзгеруімен ерекшелінеді, яғни, діни сананың барлық формасының бағыныштылығы, мирасқорлықтың кірме, формалды процесс ретінде тар мағынада ұғынылуы, әсіресе ортағасырда Еуропа елдерінде, ертедегі гректердің мәдени мұрасын толығымен жоққа шығаруға әкелді. Антикалық және қазіргі дәуірмен байланысты мирасқорлықтың арқауы араб тілді философтардың, соның ішінде Аль-Фарабидің, Ибн-Сидің және т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Дегенменде, олар ертедегі гректердің мирасқорлық туралы ілімдеріне сай тура келеміз деп ойлап, өздерін оған қатысты тек түсінік берушілер деп санады.

Қайта өрлеу дәуірінде және XIX ғасырға дейінгі аралықта өткен мәдениетті мирасқорлықпен сақтау идеясы мен практикасына саналы қатынас қалыптасты. Өткен дәуірдің ойшылдары,

адамзаттың тәжірибесі өткен мәдениет қазіргі кезде қайта жасалуы мүмкін және нағыз революция мирасқорлықты өзінде ендіреді деп, оның мәнін біртіндеп түсіне бастады. Мәселен, XVIII ғасырдың философы, ағартушысы және әлеуметтанушысы француз Ж.А.Кондорсе француздардың алдыңғы қатарлы буржуазиялық идеологтары қоғам дамуының мирасқорлығын жақсы түсінді деген тамаша ой айтты. Қоғамдық прогрестің теориясының негізін қалаушылардың бірі ретінде ол тарихи процестің бірлігін, әртүрлі халықтардың өзара мәдени ықпалдастығын қорғады және адамзат прогресі «өткен дәуір ұрпақтарының іс-әрекетіне негізделеді» деп есептеді [1, С.190]. Сондай-ақ, ол адам «...өткеннің тәжірибесіне негізделіп, болашақты божай алуы мүмкін» [2, С.220] - деген қорытынды жасайды.

Мирасқорлық даму процесінде ескі мен жаңаның арасында қажетті объективтік байланыста табиғатта, қоғамда және ақыл-ойда көрінетін қарама қарсылықтың бірлігі мен күрес заңының маңызды бір саласы ретінде болады.

Дамудың диалектикалық тұжырымдамасына негізделген мирасқорлық құбылысқа жан-жақты теориялық талдау тұңғыш рет Гегелдің қарама-қайрсылықтың бірлігі мен күрес заңында көрініс тапты. Онда даму процесінде мирасқорлықтың объективтік қажеттілігі терең талданады [3]. Соған байланысты мирасқорлық Гегелдің жүйесінде диалектикалық қарама-қарсылықта дамудың маңызды кезеңі, бір сападан екінші бір сапаға өту процесінің маңызды байланысы ретінде түсіндіріледі. Бірақта, Гегель бойынша, бір жағдайдан екінші бір жағдайға өту әркезде бірыңғай болмайды.

Философиялық категория ретінде мирасқорлық оның басқа категорияларымен тығыз байланыста болады. Өйткені материалдық диалектика категорияларының жүйесін талдау, бұл жүйеде мирасқорлық категориясын қарастырмайынша мүмкін болмақ емес.

Мирасқорлықты талдамайынша, даму диалектикасын, карама-қарсылықтардың бірлігі мен күресінің және өткен мен жаңаның өзара байланысын ұғыну болмайды. Өйткені әрбір құбылыс үйлесімдіктің және өзгешеліктің бірлігі. Егерде әрбір зат, әрбір процесс бір-бірінен өзгешеленіп тұрғанымен, сонымен бірге бір мезгілде олар басқа да заттармен, процестермен жалпы байланыста болады, бұдан жалпының жекелеген көрінісі – нақты құбылыстың даму процесінде қайталануы мирасқорлықтың пайда болуына себепкер болады.

Мирасқорлықтың негізгі формалары төмендегідей:

- а) мирасқорлық бір деңгейде;
- б) мирасқорлық әртүрлі деңгейде.

Бір деңгейдегі мирасқорлықта сандық өзгеріс процесінде сапаға қатысты өзгеріс байқалмайды. Әртүрлі деңгейдегі мирасқорлық сапаға қатысты өзгеріспен байланысты. Сандық өзгерісте мирасқорлықтың негізгі мазмұны құрылымның жекелеген элементтерін құрайды. Онда объектіні ұйымдастыруда олар сақталады. Сапалық өзгерісте, егер объектінің құрылымы қалай болғанда да өзгеріске ұшырағанымен де, мирасқорлықтың мазмұны объектінің мәнді байланысы болады. Метафизика бір деңгейде табиғаттағы, қоғамдағы сапалық өзгерісті, ондағы дамудың көздерін ескермей-ақ мирасқорлықты шексіздендіреді. Яғни, дамудың метафизикалық концепциясы оны сандық өзгеріске, қайталауға, соңында, міндетті түрде идеалистік тәртіпке алып келеді. Бұл концепцияны жақтаушылар оларды материалдық әлемнен тысқары іздеуге тырысады.

Материалистік диалектика үшін мирасқорлық бір деңгейден екінші деңгейге өтетін дамудың негізі. Дамудың диалектикалық концепциясы мирасқорлықтың бірінші деңгейін жоққа шығармайды, негізінен өздерінің назарын мирасқорлықтың екінші деңгейін тануға аударады. Яғни, бір деңгейдің екінші деңгейге дамуының негізіне.

Мирасқорлықтың тағыда бір шектелген түрлерін қарстыруға болады: а) үдемелі даму процесінде; б) кері шегінушілік өзгеріске тән инволюциондық мирасқорлық.

Үдемелі мирасқорлықтың мәні тарихтың өткен кезеңінде қол жеткізген тірі табиғатты және адамзат қоғамын сақтау және жаңа сапада дамыту. Тірі табиғатта мирасқорлық үдемелі даму процесінде өмір сүруге күресу және табиғи сұрыптау жағдайы негізінде өмірдің барлық формаларын жетілдіру шарты болады.

Инволюциондық мирасқорлықтың ерекшелігі өзгермелі объектінің белгілі бір сапасын сақтау жоғалып кетумен, белгілі бір нышандардың, нәтижелердің жоюымен бірге жүреді.

Мирасқорлық ұғымы мәдени мұра ұғымымен тығыз байланысты. Ол өз кезегінде мұрагерлік ұғымына алып келеді.

Мұрагерлік әрбір келесі ұрпаққа өткеннің дамуының нәтижесі ретінде мирасқорлықтың тұрақты түйіні болады. Сондықтан, бұл ұғымдарды ажырата білу керек. Олардың ерекшеліктері, біріншіден, мирасқорлық жалпы философиялық категория және «... қоғамдық, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдары үшін әдіснамалық маңызы бар. «Мәдени мұра» категориясы мәдениет саласында болатын процесте өзінің көлеміне қарай тек үйлестіруші ғана болады. Екіншіден, «мирасқорлық» ұғымы құбылыстардың объективтік байланысын білдірсе, онда «мұра» мирасқорлықтың заңдылықтарын теориялық тұрғыдан ұғыну және өткен ұрпақтан қалған мәдени құндылықтарды, оларды шығармашылықпен пайдалануда сыни бағалау тұрғысынан ұғыну әрекеті» [4, С.60]. Сондықтан «мәдени мұра» ұғымы мәдениет саласында «мирасқорлық» ұғымын нақтылайды, сол салада мирасқорлықтың бірінші нәтижесі, былайша айтқанда қабылдауға, ұғынуға, пайдалануға, мұрагерлікке «материалы» болады.

Ғылыми әдебиеттерде мәдени мұра мәселесіне қатысты көптеген зерттеу жұмыстары бар. Соған қарамастан, кейбір авторлардың еңбектерінде «мәдени мұра» ұғымына анықтамалар жоқ. Олардың бір бөлігі бұл ұғымға жалпы анықтама берумен шектеледі. Мәселен, қоғамның дамуында адамдардың жасаған құндылықтар жиынтығы ретінде [5;6]. Әрине, оған талас жоқ. Бұл секілді жалпы анықтама зерттеліп отырған объектілердің бірігуіне мүмкіндік береді. Олардың негізі болып адамдар әрекеті табылады. Сонымен бірге, бұл анықтама, өзіндік тұрғыда, белгілі бір қосымшасыз жеткіліксіз болып көрінеді. Өйткені, біріншіден, құндылықтар жиынтығы ретінде мәдени мұраны анықтауда, мәдени құндылықтарды түсіну түсініксіз болып қалады. Яғни, адамдар әрекетінің қандай нәтижесін мәдениеттің жетістігі ретінде сипаттауға болады. Екіншіден, бұл мәдениеттің феномендерінің мұраға қатысын анықтау қажет. Ол үшін мәдени мұраны қазіргі мәдениеттен нақты шектеу қажет.

«Мәдени мұра» ұғымын анықтауда әртүрлі сипаттамаларды қолдану қажеттілігі туындайды: уақыттың, мәнді-мазмұнның және функционалдың. Уақыт бойынша сипаттама мәдени мұраның әртүрлі феномендерін бөлуге мүмкіндік бермейді. Өйткені, ол қосымша сипатқа ие. Функционалдық сипаттама да бізге белгілі бір қиындықтарды тудырады. Олар, ең алдымен, мәдениеттің кейбір феномендерінің арасында функционалдық айырмашылықтарды табуға мүмкіндік бермейді. Мысалы, өнер өзінің эралуандылығына қарамастан сол қызметті атқарады. Мәнді-мазмұнды сипаттама бұл феноменнің қызметін қазіргі дәуірмен байланыстырады және сол феноменнің осы ортада пайда болуын, оның қазіргі уақыттағы көкейкестілігіне қандай жағдай себепкер болатыны туралы сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді. Сондықтан, олардың сөзсіз қажет-

тілігіне карамастан уақытқа және функционалдылыққа қатысты белгілер жеткілікті емес. Тек қана мәнді-мазмұндық сипаттамамен синтездік жағдайда ғана олар мәдени мұраны қазіргі мәдениеттен ажыратуға мүмкіндік береді.

«Мәдениетті мұрагерлеу өткеннің мәдени құндылықтарын әлеуметтік және тұлғалық практикада және әлеуметтік жүйе мен өзара қарым-қатынаста қабылдау, меңгеру және шығармашылықпен ендіру процесс ретінде анықтауға болады» [7]. Мұрагерлік жаңа қоғамның мақсаттарымен байланысты жүзеге асады. Бұл мақсаттарға жету процесі мұрагерлікті меңгеру және осының негізінде жаңа феномендерді, процестерді жасауды өзінде қарастырады. Сондықтан «мәдени мұра» ұғым ретінде «дәстүр» және «жаңашылдық» ұғымдарынсыз анықталмайды.

Еуропалық философиялық-теориялық ілім, ХҮІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. бастап И.И.Гардерадан Т.Адорно және Х.Ортеги-и-Гассетаға дейін дәстүрлер және жаңашылдықтардың өзара байланысы проблемаларын олардағы рухани іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы тарихи мирасқорлықтың мәнін қарастыра отыра мақсатты көңіл бөледі.

Қазіргі көптеген зерттеу жұмыстары (мысалы, Спиркин А.Г. Человек. Культура. Традиция //Традиция в истории культуры /Отв. Ред. Карпушин В.А. – М.: Наука, 1978. – С. 5-14; Суханов И.В. Обычай, традиции и преемственность поколений. – М.: Политиздат, 1976. – С. 216; Дробницкий О.Г. Понятие о морали. Историко-критический очерк. М.: Наука, 1974. – С. 3888 және т.б.) дәстүрлерге, оның категориялық ерекшеліктерін анықтайтын арнайы мазмұнды-ұғымды талдау береді.

Қазірге әдебиеттерде дәстүрлердің мәніне қатысты көлемді үш теориялық көзқарас талданады.

Біріншісін, шартты түрде жалпы философиялық деп атауға болады. Бұл философиялық-дүниетанымдық көзқараста дәстүрлер жайында басқа арнайы ғылымдар жасаған барлық білімдерді синтездеуде кең көлемді ілім.

А.Г.Спиркиннің «Человек. Культура. Традиция» атты мақаласында ол нақты көрініс тапқан. Онда дәстүрлерге төмендегідей анықтама берілген: «... Әрбір келесі ұрпақтың адамдары өмірге, өткен ұрпақтың жасаған заттары мен қарым-қатынас әлеміне, белгілері мен символдар әлеміне араласады. Осылайша дәстүрлер әлеуметтік ретінде адамдардың тәжірибесін беруде өзінің формасының механизмдері арқылы қалыптасады. Дәстүрлер жалпы философиялық түсінікте даму объектісінің бірізділік кезеңдері арасындағы белгілі бір қатынастың, сонымен бірге, мәдениеттің типін білдіреді. Яғни, «ескі» жаңаға өтеді және онда нәтижелі жұмыс жасайды. Егерде бұл нәтижелі дәстүрлер қоғамдық жаңада оның дамуына ықпал ете отырып, қайта жаңғыруға қабілетті болса, ол тұрақты болады» [8, С.8].

Бұл жерде дәстүр карама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңының бөлінбес кезеңі болатын философиялық білімдерде көрініс тауып, мирасқорлықтың барлық даму объектілерінің жалпы формасының бірі ретінде түсіндіріледі. Дәстүрдің «жалпы мирасқорлыққа» қатысты ерекшелігі - бұл мәніне және мирасқорлық формасын жүзеге асыру тәсіліне қарай әлеуметтік ретінде қарастырылады. Ол жаңашылдыққа, конструктивті-шығармашылық әрекетке қарсы қойылмайды, өйткені олардың қажетті бөлінбес кезеңі болады, «адамзаттық» ерекшелікті, субъективтікті (әлеуметтік, саналылық және т.б.) өзінде қарастырмайтын мұра құрушылықты беру мазмұнның басқадай (мысалы, биологиялық) формасы. Дәстүр өзалдына дами алады (немесе ескіреді), сондықтан, осындай көзқараста, жаңашылдық, мәнісінде, дәстүрмен арақатынасына қарағанда емес, жалпы мәдениетті алғанда, мәдениеттілік деңгейін, еркіндік жағдайын сипаттау, соның негізінде қоғамдық субъект өзінің даму процесінде өткен кезеңнің оң нәтижесін тартады және нақты-тарихи жағдайдың ерекшелігін ескере отырып, оны өзінің әрекетінің негізіне айналдырады.

Екінші көзқараста, жалпы әлеуметтік тұрғыдан, дәстүр ұғымын және оның жаңашылдыққа қатысын басқаша түсіндіреді. Бұл жағдайда ол тарихи мирасқорлықтың объективтік және қажетті жағдайы ретінде қоғамдық дамудың өткен кезеңінің прогрессивтік мазмұнын келесі кезеңге ендіру процесі тұрғысында қарастырылады. Дегенмен, мұнда мәдениеттің мәні қоғамдық адамның шығармашылық әрекеті болатыны және дәстүр мен жаңашылдық проблемасын талдауда мирасқорлықтың қоғам дамуында ерекше көрініс беретіні туралы факт ерекше бөліп көрсетіледі.

Мұндай көзқарас Н.И.Конрадтың «О смысле истории» атты мақаласында жалпы көрініс табады. Автор, онда тарихи процестің заңдар мен заңдылықтарын, өзара байланыстылығын, «қый-сындылығын» белгілеуде «материалдары болып тек адамзат тарихы табылады, жалпы алғанда, негізінен ол тарихтың нағыз субъектісі болатындығына» [9, С.295] арнайы көңіл аударады. Яғни, мұнда қоғамдық прогрестің объективтік заңдылықтарын жүзеге асырудың субъективтік формалары өте маңызды: тарихи заңдардың өзі бірізгі-гілде мәдени дамудың жалпыадамзаттық міндеттері ретінде көрінеді.

Негізінде, мәдениеттегі мирасқорлық, прогрессивтік өздік даму міндеттері міндетті түрде болатын жалпытарихи қоғамдық субъектілік ұғым тұрғысынан қарағанда, «мәдениеттегі дәстүр». Жаңашылдық – жаңа міндеттерді жүзеге асыру міндеттері, қоғамның нақты-тарихи жағдайында әралуан мәдени аймақтардың ерекшелігіне сай гуманистік мақсатқа байланысты адамның прогрессивтік өзін-өзі дамыту идеясын шешу дәрежесі.

Сонымен, мәдени дәстүр қоғамдық прогрестің объективтік заңдарына сәйкес субъектінің жасаған тарихи шығармашылық құндылықтарының өлшемнің негізгі кезеңі.

Мәдени дәстүрге қатысты Ю.Н.Давыдовтың «Культура – природа – традиция» атты мақаласында адамның мәдени өмірінде өзіндік қарама-қайшылық болады: санаға тән басқа табиғи объектілерді ерекше иеленуде, адам дамудың объективтік заңдарын мүлде стихиялық тұрғыда емес, сыртқы өмірдің кейбір жиынтығымен өзінің өмір сүруі фактасының бір мезгілде кездесіп қалуы арқылы жүзеге асырады; сонымен бірге ол (адам) табиғат әлемімен өмір сүреді және өзі табиғаттың бір бөлшегі, дене заты. Сондықтан мәдениетті адамның тарихи миссиясы, өзінің өмір сүруінің қажетті, объективтік жағдайында ақиқат өмірге саналы қатынасының көмегі арқылы көтерілуде, табиғи қажеттілік, бір жағдайда, табиғи-тарихи – екінші жағдайда, олардың «гармониялық» әмбебаптық (табиғи және әлеуметтік) бір біріне шектеусіз өзара әрекеттесуінің өлшемін белгілейді - дейді. Оның пікірінше, бұл әмбебаптық өлшем, адамзаттың тарихи дамуының барлық процесінде өмірлік болып, бірыңғай процесс ретінде мәдени генезистің барлық кезеңдерінің бірлігінің негізі болады [10, 41-60].

Мәдениет субъектісі шығармашылық әрекет барысында екі анықтаманы: табиғи-объективтік және жекелік-субъективтік синтезді үнемі жоғалтады, бұзады және қайта орнына келтіреді. Бұндай көзқарас бойынша, дәстүр мұрагерлік үлгісінің процессі, жаңашылдық процессімен сәйкес келетін табиғи-әлеуметтік үшін ол өзінде әмбебаптық, адамзаттық өлшемді іске асырады.

Үшінші көзқарасты нақты-әлеуметтік деп атауға болады. Бұл жағдайда дәстүр мәдени мирасқорлықты жүзеге асыру механизмі ретінде әлеуметтік жүйенің белгілі бір элементері, көбінесе қоғамдық сананың әлеуметтік-психологиялық деңгейіне сәйкес қарастырылады. Бұнда дәстүрді, ең алдымен, тарихи-мәдени процестің жалпы заңдылықтарымен емес, сақтаудың қажетті жағдайы және мирасқорлықты қамтамасыз ету факторы ретінде әлеуметтік жүйенің қызметін жасау проблемасымен байланыстырады. Соған орай, дәстүр, бұл жағдайда басқа да өмір сүретін салттар, нормалар, мінез-құлық ережелері, әлеуметтік дағдылар, принциптер секілді әлеуметтік-реттеушіліктің бір түрі ретінде түсіндіріледі.

И.В.Суханов «Обычай, традиции и преемственность поколений» [11] атты монографиясында дәстүрді, бір жағдайда, жаңа ұрпақтың іс-әрекетінде адамзаттың тәжірибесін мирасқорлықта бекіту, беру және қайта жасау факторы ретінде, екінші жағдайда, бұл – оның тек бір формасы және мәдени мирасқорлық процесінің көптеген жақтарының жекеше көрінісі, әлеуметтік топтардағы қоғамдық мінез-құлықты тұрақтандырудың нақты механизмі – деп түсіндіреді

Ендеше, дәстүр – мәдени құндылықтарды жасау тәсілі және оның нәтижесі. Онда олардың құрылымы және элементтері толықтай сақталады. Өткеннің құндылықтарының болу фактсы бүгінде оның өмір сүруінің негізі болады. Дәстүрдің негізгі әлеуметтік мәдени қызметі: қоғамдық қатынастардың маңызды нормаларын тұрақтандыру, «өмірлік» құндылықтарды сақтау және бір ұрпақтың жинақталған рухани-адамгершілік тәжірибесін келесі ұрпаққа беру.

Жаңашылдық – мәдени құндылықтарды қайта тудыру және жасау механизмі. Онда әлеуметтік қажеттіліктерді нәтижелі қанағаттандыру үшін рухани өндірістің өткен кезеңдерімен салыстырғанда ең жетілген, мазмұны бай мәдениет нысаналарының формаларын құру саналы түрде мақсат етіп қойылады. Бұл механизм мәдениет динамикасына тән және қоғамның рухани өмірінің өзгерісін әлеуметтік қайта жаңарумен бірдей қамтамасыз етеді.

Бүгінде дәстүр мен жаңашылдықтың өзара қарымқатынасы арасындағы негізгі мәселе, олардың арақатынасында гармонияға қалай қол жеткізуге болады, мәдениеттің дамуында олардың үзіліссіздігін қалай қамтамасыз етуге болады.

Бір-біріне қарама қарсы осы екі ұғымдарды біріктіретін *мәдени мұра* – мәдени құндылықтар кешені, оларды сақтау, қоғамдық прогрестің нақты-тарихи мақсатына сәйкес өткен ұрапқтың тәжірибесін қазіргі ұрпаққа беру және қайта жасау тәсілдері.

Адам «екінші табиғат» ретінде мәдениетті жасайды, соның негізінде өзі де жасалады, өйткені оның әлеуметтік ортамен байланысы тікелей мәдениет арқылы жүзеге асады. Бұл – әлеуметтік мұрагерліктің тамаша «тетігі», адамда биологиялық мұрагерлікті толықтырады, ол өз кезегінде өмірге аяқ басқан әрбір адамға өткен аға ұрпақтың жасаған «екінші табиғатын» қабілеттерді, біліктілікті, құндылықты, білімдерді бөліп қарастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде мәдениет – бұл танымдық маңызы бар тек ғылыми түсінік емес, сонымен бірге ол өмірдің барлық саласында өзінің теориялық және практикалық шешімін талап ететін қоғам дамуының нақты проблемасы. Мәдениет проблемасының күрделілігі және көпжақтылығы ғылымда қалыптасқан мәдениет туралы көптеген анықтамалар және тұжырымдамалармен түсіндіріледі. Соған орай Э.С.Маркарян: «Мәдениеттің көп функционалдық ұғымы, ең алдымен, оның тікелей жан-жақты көрінісін нәтижесі, ол әртүрлі нұсқаулар және танымдық міндеттерді шешуге әкеледі». Мысалы, әлеуметтік теория мәдениет феноменін зерттеуде тек бір ғана танымдық міндетті қояды, этнография – екінші, эмпирико-социологиялық зерттеу – үшінші т.с.с. Демек, бұл факты мәдениет феноменін зерттеуде әртүрлі танымдық міндеттердің, тіпті бір-біріне қарама қарсы келетін анықтамалардың болуына

карамастан, бүгінде оны түсіндіруде соңғы рөл атқарады [12, С.26] - деп жазады.

Сондықтанда, біз «мәдениет» ұғымын зерттеу мақсатымыздың бірі ретінде алғандықтан, оны толыққанды қарастыруға тырыстық. Өйткені, мәдениет – қоғамдық-заттық және рухани өндіріс, ол өзінде заты немесе идеяларды өндіруді ғана қарастырмайды, сонымен бірге адамның өзін де.

Мәдениет заттарды және идеяларды өндіруші ретінде адамның қабілет күшінде өмір сүреді, соған орай өзінің дамуының субъектісі, оның өзін де өндіреді. Бұл жағдайда мәдениеттің дамуы әрқашан өздік әрекеттік сипатқа ие. Яғни, әрекеттің сипаты, онда адам бірізділікте субъект ретінде және оның нәтижесі ретінде болады.

Мәдениеттің соңғы мақсаты адамды рухани және адамгершілік тұрғыдан жетілдіру. Бұл аспектіде И.Канттың көзқарасы маңызды. Мәдениет туралы айта келе, ол: «Мәдениетке қатысты адамның әрекеті өзінің бір ғана мақсаты ретінде үнемі алға жүреді... бұны өзінің өмір сүруінде жақсылыққа және моральдық мақсатқа қатысты оның алға қарай жүруі деп түсіну қажет» [13, С.101] – деп жазады.

Канттың мәдениеттің пайда болуы және дамуы туралы сұрақты шешу оның негізгі әдістемелік тұжырымына байланысты: адамзатқа қатысты табиғаттың мақсаты – мәдениет, ал адамзаттың мақсаты – моральдыққа қол жеткізу. Бұны жүзеге асыту тек адамзаттың даму процесінде ғана мүмкін болады. Кант, априориз және дуализмге арқа сүйеп, мәдениеттің шынайы даму процесін түсіндіре алмады. Дегенменде, ол өзінің бірқатар идеяларында философиялық ойлардың дамуынна болжам жасайды.

Адам мәдениетінің жоғары деңгейі – бұл мәдени қажеттіліктің жоғары деңгейі. Ол субъекті мен объектінің объективті-қажетті байланысын, әлеуметтік белсенділігін, іс-әрекетін, оның берік және ұйымдастырушылық күшін білдіреді. Рухани қажеттілік мәдениеттің жетістігін меңгеруде, адамның мәнді күшін жүзеге асыруда, әлеуметтік белсенділікке ықпал ете отырып, әрекеттің нақты бағытын анықтайды. Адамның өмір сүру әрекеті оның ішкі қажеттілігін қалыптастыру бағытында дамиды: өзін өзі жүзеге асыру қажеттілігі (жан-жақты дамуы және адамның мәнді күшін жетілдіруі – қабілеттері, қажеттіліктері, дағдылары, іскерліктері, шығармашылық әлеуетінің динамикалылығы).

Біздің зерттеу жұмысымызда мәдениеттің негізгі мақсаты адамның адамгершілік-эстетикалық жетілуі болатыны жайында ой айтылған. Сондықтан, біз адамның адамгершілік-эстетикалық қалыптасуына қысқаша болса тоқталғанды жөн санадық.

Адамгершілік-эстетикалық қажеттілік тәрбиесінің міндеттерін шешу үшін олардың барлық әдістері және құралдарын пайдалану қажет. Олардың қатарына: әдебиет және өнер, бұқаралық ақ-

парат құралдары және насихат жұмыстары, мәдени-ағарту мекемелері және т.б. жатады. Әрбір құралдың құндылығы тек басқа құралдармен өзара байланыс жағдайында ғана ашылады. Бұны мәдени құндылықтарды тарату құралдарын басқару және мәдени мұраны меңгеруде адамда жоғары мәдениеттілікті, соның ішінде эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың барлық механизмдеріне қол жеткізу барысында ескеру қажет.

Эстетикалық мәдениет мәселелері бүгінгі таңда жастардың рухани адамгершілік дамуында өзектілігі айқын. Соған орай студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру аспектісін зерттеу теориялық және практикалық тұрғыдан шешімін табуды қажет етеді. Мәдениеттің адамзаттық маңыздылығы қоғамдық қажеттілік жағдайында эстетикалық мәдениетті терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл салада рухани мәдениет мұрасын танып білу қоғам қажеттілігіне сай ерекше сұраныс білдіреді. Өйткені қоғам дамуында осы қажеттілікті шешу халықтық мәдени мұра әлеуетін пайдалана білумен анықталады. Оны Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасының [14] мақсаты мен міндеттері дәлелдейді.

Бағдарламада белгіленген мақсат-міндеттер толығымен жүйелі бірізділікте жүзеге асыру үшін «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды [15].

Тұжырымдаманың мақсаты – рухани және білім беру салаларын дамытудың ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базасын одан әрі жетілдіру, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу.

Бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі – төл мәдени дәстүрлерін жақсы білетін, өз халқының тарихын сүйетін ұрпақ, елдің болашағына тірек бола алатын ұрпақ тәрбиелеу болғандықтан, тұжырымдама ұлттық мәдени мұраны білім жүйесіне ендіру қажеттігін ескереді.

Қазіргі кезде осы бағдарлама негізінде еліміздің мәдени мұрасын зерделеу, қорғау, пайдалану және насихаттаумен қатар, тарихи-мәдени дәстүрлерді мирасқорлықпен дамыту және қайта түлетуге байланыста т.б. көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Өйткені бүгінде өркениетті елдер ұлттық мәдени мұраны сақтау мен пайдалану мәселелеріне басты назар аударып отыр. Яғни, ол өркениетті қоғамның негізін құрайтын белгісі, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық сыңары болып табылады. Оған дәлел ретінде тәуелсіздігімізге ие болғаннан бері Егеменді Қазақстан мәдени мұраны сақтау мен қайта түлету; қазіргі ұлт мәдениетін, халық ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптарын өркендету; елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет өнері ескерткіштерін қалпына келтірудің теңдесі жоқ шараларын іске асыруда. Сондықтан да жазу, сызуы

басқа өрениетті елдерге қарағанда кеш дамыған қазақ халқының мәдени мұрасының бірі салт-дәстүрлері мен аса бай ауыз әдебиеті және өнері арқылы бүгінгі ұрпақтың рухани-мәдени дамуын қамтамасыз етуге берік негіз қаланып отыр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – ҚР МЖМБС 3.08.269 – 2006. – С.265.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – ҚР МЖМБС 3.08.269 – 2006. – С.220.
3. Гегель Г.В. Лекции по истории философии. Соч., пер. С нем. – Т.9-II. – М.-Л. 1932-1935. – Кн. I. – С. II.
4. Баллер Э.А. Преемственность в развитии культуры. – М.:Наука, 1969. – 294 с.
5. Боголюбова Е.В. Культура и общество (Вопросы истории теории. – М.:Изд-во МГУ, 1978. – 232 с.
6. Ковалев С.М. Социализм и культурное наследие. – М.:Знание, 1967. – 32 с.
7. Кучмаева И.К. Культурное наследие: современные проблемы. – М.: Наука, 1987. – 173 с.
8. Спиркин А.Г. Человек. Культура. Традиция //Традиция в истории культуры /Отв. Ред. Карпушин В.А. – М.: Наука, 1978. – 279 с.
9. Конрад Н.И. О смысле истории //Конрад Н.И. Избранные труды. История. – М.: Наука, 1974. – 496.
10. Традиция в истории культуры /Отв. Ред. Карпушин В.А. – М.: Наука, 1978. – 279 с.
11. Обчаи, традиции и преемственность поколений. – М.: Политиздат, 1976. – 216 с.
12. Маркарян Э.С. О генезисе человеческой деятельности и культуры. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР, 1973. – 143 с. Кант И. Т.4. – Ч.2. – 309 с.
14. 2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «мәдени мұра» Бағдарламасы.
15. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы № 1016 Қаулысымен бекітілді.

Рецензент: д.пед.н., профессор Байгазиев С.Б.